

# Таныстыру

Менің аты жөнім Амантай Абай . Мен 1998 жылыдың 28 Желтоқсан күні Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласында дүниеге келдім. Қазір мен Шетел тілдері педагогикалық колледжінің 2 курсы, 201-топтың студентімін.





Алматы қаласындағы бірінші жеке меншік қазақ мектебі ретінде 1995 жылы құрылды. Негізін қалаған, мектеп директоры белгілі күйші, өнертанушы Райымбергенов Абдулхамит Ысқақұлы. Мектеп негізінен әртүрлі профильді. Математика мен физика пәндеріне сағат сандары көп бөлінген. Баланың қазақшасының дұрыс қалыптасуына көп күш жұмсалады. Сабақ аяқталғаннан кейін түзету, дамыту жұмыстары жүргізіледі. Онда әр баланың қарым-қабілеті ескеріліп, жеке жұмыстар жасалынады. Қосымша ағылшын тілін тереңдете меңгеруге арналған «Елтану», «Bisnes English» сияқты дамыту пәндері оқытылады.

Мектепте оқушылардың білім алуына барлық қолайлы жағдай жасалған.

- Мектеп директоры
- **Райымбергенов Абдулхамит Ысқақұлы**

**Жаңашыл ұстаз:** Педагогикалық және концерттік қызметті бірге алып жүру, әлемнің көптеген елдеріндегі оқытудың озық әдістерімен таныс болуы балалармен жұмыстың ұжымдық жаңа әдістемесін жасауға мүмкіндік берді. Домбырашы, қазақ дәстүрлі музыкасын зерттеуші және жинаушы, Қазанғаптың күйшілік мектебінің жалғастырушысы. А. Райымбергеновтың жасаған әдістемесі Қазақстанның жаңа бетке ұстар кадрларын тәрбиелеуге және түрлі кәсіби мамандықтарға жоғары табыстарға жетуге мүмкіндік береді.

**Жеткен жетістіктері:**

- «Мұрагер» фольклорлық ансамблін құрушы, көркемдік жетекшісі (1984-1991 ж.) Абдулхамит Ысқақұлы құрған «Мұрагер» ансамблі Ленин комсомолы сыйлығының Лауреаты (1990 ж) 1985 жылы Мәскеу қаласында өткен жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік XII фестивалінің дипломанты Жігер» жас орындаушылардың бірінші Республикалық конкурсының лауреаты /1985ж/ Құрманғазы атындағы Бірінші Республикалық конкурсының лауреаты /1987ж/ Тележурналистика бойынша 1997-1998 жылдардағы «Аманат» хабарлар топтамасы үшін «Алтын жұлдыз» Республикалық сыйлығының лауреаты Ыбырай Алтынсарин медалінің иегері /2004/ ҚР Мәдениет қайраткері» атағының иегері /2006/ Қазақстан-1» ұлттық арнасында «Домбыра үйренейік» /1993-1996/, «Сегіз қырлы» /1999-2001/, «Әлі есімде» /2008-2011/ авторлық бағдарламалардың жүргізушісі



# Сыныпқа мінездеме

Алматы қаласы « Көкіл» мектеп – колледж мекемесінің 4 «А» сыныбына 2015 – 2016 оқу жылының басында 11 оқушы қабылданды. Оның «5» - қыз, «6» - ұл. Сынып жетекшісі Серікбаева Салтанат Әбдіқазықызы.Әлеуметтік құрамы бірдей . Мектепте оқушылардың білім алуына барлық қолайлы жағдай жасалған. Мектепте балалар дәрігері және психолог жұмыс жасайды.Оқушылар үш мезгіл аспен қамтамасыз етіледі. Мектептің оқушыларды тасымалдауға арналған өз көлігі бар. Сынып оқушылары ұжым ішінде ұйымшыл, тәртіптері өте жақсы, әрбір оқушының ұйымдастыру қабілеті бар, жоғары дәрежеде. Мектепшілік, сынып аралық іс – шаралар мен ертеңгіліктерде ұжым толық белсене араласып, әр оқушы өз қабілетіне қарай берілген жұмыстарды ұйымдастыра біледі. Сыныптан тыс уақыттағы қоғамдық жұмыстарға араласа біледі. Еңбек ету, үлкенге ілтипат, жолдастық көмек, кішіге қамқорлық көрсету дағдылары әр баланың бойында жақсы қалыптасқан.Бұндай қамқорлық сияқты жақсы қасиеттер әр уақытта барлық оқушы тарапынан көрініп отырады, жолдастық көмек көрсетуге дағдыланған.

Сыныптық дәстүрлі мерекелері: күнтізбелік мерекелер, әрбір оқушының туған күндері болып саналады. Бұл күндері барлық ұжым мүшелері ұйымшылдықпен мерекелік ертенгілік түрінде өткізеді.Мерекелік жалпы қалалық дәстүрлі жиындарға, айлық, жарыстық конкурстарға қатысып отырады.

Мектептен тыс үйірме, секция, түрлі клубтарға қатысып, танымдық қабілеттерін ұштап отырады.

Сонымен қатар сынып оқушыларының қоғамдық мүлікті ұстауы, бөлме өсімдіктерін күту, сынып тазалығына, мектеп ауласын көгалдандыру, көркейту кезеңдеріндегі жұмыстарға жауапкершілікпен қарап, ұқыптылықпен атқарады.

# Менің сыныбым !



## **Мінездеме**

**Низамиұлы Нұрдәулет 2005 13-ші шілдеде жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 2012 жылдан бастап аталған мектепте білім алып келеді . Нұрдәулеттің оқу үлгерімі орташа. 2014-2015 оқу жылында «Көкіл» мектеп-колледжінің 3 «А» сыныбын аяқтады .**

**Нұрдәулеттің мінезі ашық , адамдармен тез тіл табысады , ойын еркін айта алады.Тез ашуланғыш, сабаққа ынтасы төмен , аздап ұқыпсыздығы , тиянақсыздығы бар . Мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады . Достарымен орташа қарым – қатынаста . Нұрдәулет-батыл , ақкөңіл .**

**Ол бос уақытында спортпен айналысады , музыка тыңдайды . Нұрдәулет болашықта өз елінің адал азаматы болатынына сенеміз.**



# Мінездеме

Дулат Айжан Айдарқызы 2005 жылы 30 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген .2012 жылдан бастап аталған мектепте білім алып келді . Айжанның оқу үлгерімі үлгілі.

2014-2015 оқу жылында «Көкіл» мектеп-колледжінің 3 «А» сыныбын аяқтады .

Мінезі ашық , адамдармен тез тіл табысады , ойын еркін айта алады. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады . Сабаққа деген қызығушылығы жақсы , себепсіз сабақ қалдырмайды .Жаңа материалды жылдам қабылдайды . Логикалық ой-өрісін жақсы дамыған . Сүйіп оқитын пәні-әдебиет . Мәнерлеп оқу қатысу сайыстарына жиі қатысады . Домбыра , Математика , қазақ тілі , бейнелеу өнері , ырғақ пәндерін жақсы көреді .Музыка домбыра класында сабақ оқиды , хор үйірмелерін ұнатады .

Сыныптастарының арасында беделді . Достарымен жақсы қарыс-қатынас . Алғыр ,сыпайы, жауапкершілігі жоғары , мәдениетті , тиянақты .

Айжан – еңбекқор ,шыншыл. Болашақта өз елінің адал азаматы болатынына , еліне үлкен еңбек сіңіретініне сенеміз .



# 1-тәрбие сағаты

**Сабақтың тақырыбы:** «Адамгершілік – асыл қазына».

**Пән:** тәрбие сағаты

**Сынып :** 4А

**Мерзімі :** 17 Қараша

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету;

**Дамытушылық:** Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. «Әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту;

**Тәрбиелік:** Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу;



# Адамгершіліктің қарапайым қағидалары

Амандасу

Үлкенді  
құрметтеу

Тілін  
сыйлау

Отанын  
қорғау

Дінін  
сатпау

# 2-тәрбие сағаты

**Сабақтың тақырыбы:** «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!»

**Пән:** тәрбие сағаты

**Мұғалім :** Амантай Абай

**Сынып :** 4А

**Мерзімі :** 24 Қараша

**Сабақтың мақсаты:**

1. Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру .
2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру
3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.


Кіріспе :

«Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты тәрбие сағатын бастағалы отырмыз.

Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні , жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны , қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып , кейбіреулері жарақат алады . Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады.


Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын « Жолда жүру ережесі » тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті .Үлгілі , тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін ,заңын бұзбайды.

Сонымен қандай бала жол ережесін бұзбайды ?



- *Бағдаршам –өмірімізді апаттан сақтандыратын жалғыз көмек-шіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамыздың міндетіміз. Бағдаршам-жол элементтерінің ішіндегі ең ерте қолданыла бастағаны. Қазір бағдаршамның жасы жүзден асып кетті. Оның кескін келбеті де құрылысы да әлденеше рет жаңар-ды. Ол жол қозғалысына қатысушы-ларға өз жарығымен бағыт сілтей-ді.*
- .





**Қызыл  
көзін  
ашқанда,  
сынық  
сүйем  
баспа алға**


**Сары көзін  
ашқанда,  
қарап  
қалма  
аспанға**

**Жасыл  
көзін  
ашқанда,  
өте бергін  
жасқанба**



# Маймақ аюдың достары сахналық көрініс.









# Социометриядағы 4А сыныбының нәтижесі

## Сынып жетекшісі : Серікбаева Салтанат

№	Аты-жөні	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Аман Жомарт					+			+			+
2	Дулат Айжан			+			+	+				
3	Есентаева Сабина		+		+			+				
4	Жақсылықова Аружан			+			+	+				
5	Мейрбек Абылай								+	+		+
6	Мусатаева Дарижан	+			+			+				
7	Нұрғиса Ділді		+		+		+					
8	Хасан Диас					+				+		+
9	Төлеуқажы Батыржан					+			+		+	
10	Данияр Тимур								+	+		+
11	Низамиұлы Нұрдәулет	+							+	+		

**Анықтама :**

**Сынып лидері** –1 оқушы Хасан Диас .

**Аутсайдер** –1оқушы Данияр Тимур. **Бір бірімен ортақ тіл табыса алатын оқушылар** : 1-11,2-3,2-6,7-2,4-3,4-6,4-7,5-8,5-9,10-8.

# Қорытынды

Мен бұл практикада оқушылармен қалай жұмыс істеу керек екенін үйрендім. Мен бұл практикадан оқушылармен қарым-қатынас жасауды, сабақ беруді үйрендім. Тәрбие сағаттарының жоспарын құрып және қалай өткізу керектігін, көрнекіліктер жасауды үйрендім.

Мен практика өткізген мектеп Алматы қаласы колледж-мектеп «КӨКІЛ» мектебінің 4 <<А>> сыныбы болды.

Бұл практика маған ұнады және мен ұстаз болу оңай еместігін түсіндім.

***Назарларыңызға рахмет !***